АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ РАЙЫМБЕК АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ

041419, Нарынкол ауылыРайымбек көшесі № 22
Тел.: 8 (72779) 2-20-07, факс: 8 (72779) 2-20-06
e-mail: raimbek_akimat@mail.ru

ЗАМЕСТИТЕЛЬ АКИМА РАЙЫМБЕКСКОГО РАЙОНА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

041419, село Нарынкол ул. Райымбека№ 22
Тел.: 8 (72779) 2-20-07, факс: 8 (72779) 2-20-06
e-mail: raimbek_akimat@mail.ru

31.08.2026 № 83-09-66/1946

№1 сайлау округінен сайланған Райымбек аудандық мәслихат депутаты Б. Жунисовқа

«Райымбек ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі, Сіздің 24.08.2026 жылғы № 83-25-03-17/100-И санды **ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛЫҢЫЗҒА** келесідей мәлімдейді:

1. Райымбек ауданының тұрғын үй комиссиясының 2020 жылдың 15 желтоқсандағы №2 хаттамасы және Райымбек ауданы әкімінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Нарынқол ауылынан салынған 33 (отыз үш) комммуналдық тұрғын үйлерді беру туралы» №37 шешімі негізінде Райымбек аудандық сотының бұрынғы судьясы Сексенбаев Турсынбай Байбековичке берілген Райымбек ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылы, М.Маметова көшесі №48 мекен жайдағы коммуналдық тұрғын үйден мәжбүрлі түрде шығару бойынша Алматы облысы Райымбек аудандық сотына талап арыз жолданып, Алматы облысы Райымбек аудандық сотының 2026 жылғы 15 сәуірдегі №1959-26-00-2/93 шешімімен талап арыз қанағаттандырылды.

Бүгінгі күнде Сексенбаев Турсынбай Байбекович жоғарыда аталған коммуналдық тұрғын үйді босатып, Райымбек ауданының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі тісті заң талаптарына сәйкес қабылдап алды.

2. Алматы облысы Райымбек ауданы Жамбыл ауылдық округі Баянкол өзенінің арнасына жүргізілген механикалык тазалау жұмыстары бойынша «Райымбек ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесімен Мердігер «Corporation ABH» жауапкершілігі шектеулі серіктесті арасындағы 22.07.2024 жылы № 29 мемлекеттік сатып алу келісім шарттың міндеттемелерін орындау негізінде жоба бойынша қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін 2025 жылдың 17 қазанда Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап арыз жолданған болатын.

"РАЙЫМБЕК АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "АППАРАТ РАЙЫМБЕКСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА"
Кіріс/Вход № 02-12/173
«01» 09 2026 ж/г.

Алайда, 2026 жылғы 15 қаңтардағы №1912-25-00-2/2636 санды Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен талап арызды қанағаттандырусыз қалдырылған.

Осыған байланысты «Райымбек ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 2026 жылғы 15 қаңтардағы №1912-25-00-2/2636 санды Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен келіспей Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым жолданған болатын.

Алайда, Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 14.07.2026 жылғы №1999-26-00-2а/1563 қаулысы негізінде Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 15 қаңтардағы №1912-25-00-2/2636 санды азаматтық іс бойынша шешімін өзгеріссіз қалдырып, талап қоюшы «Райымбек ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің апелляциялық шағымын қанағаттандырудан бас тартылған.

Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 434-436 бабтарына сәйкес алты ай мерзім ішінде салық Кодексінде көрсетілген мөлшерде мемлекеттік бажды төлей отырып Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 15.01.2026 жылғы №1912-25-00-2/2636 шешімін және Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 14.07.2026 жылғы №1999-26-00-2а/1563 қаулысын қайта қарау бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына кассациялық шағым келтірілетін болады.

Қосымша: *Алматы облысы Райымбек аудандық сотының 2026 жылғы 15 сәуірдегі №1959-26-00-2/93 шешімі, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 15 қаңтардағы №1912-25-00-2/2636 санды шешімі, Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 14.07.2026 жылғы №1999-26-00-2а/1563 қаулысы.*

Аудан әкімінің орынбасары **Д. Мухаметжанов**

Алматы облысы Райымбек ауданы мәслиха... - Еркін А.Н.

Е. Керимбаев
8/72779/2-20-23